

**«Аманкелді Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ
Қамқоршылық кеңесінің №4 хаттамасынан көшірме**

Өткізу күні: 01.08.2018 ж.

Қатысқандар: 9

Шақырылғандар: 3

1. Мектеп директоры Ахметова Г.М.
2. ДТЖО Хайруллина М.Д.
3. Әлеуметтік педагог Абельдинова М.С.

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу туралы
2. 2018-2019 оқу жылына мектеп формасын белгілеу.
3. 2017-2018 оқу жылына есеп.
4. 2018-2019 оқу жылына жоспар құрып, бекіту. Кеңес құрамына өзгерістер енгізу.

1. Тыңдалды: «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу туралы

Сөйледі: Әлеуметтік педагог Абельдинова М.С.

2018 жылғы 01 тамыз бен 31 қаңтар аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы ұйымдастырылуда. Акция мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу.

«Мектепке жол» акциясы 3 кварталға әкімшіліктің берген тізіміне сәйке жалпы оқыту қорынан материалды көмек және де акция барысында демекші тарапынан көмек көрсетуге ықпал жасаймыз.

2. Тыңдалды: Мектеп директоры Г. М. Ахметова

2018-2019 оқу жылына мектеп формасын белгілеу және мектептің қызметін ұйымдастыру туралы толық ақпарат берді.

Мектеп жасындағы балаларды қабылдауда, олардың ата-аналарына мектеп Жарғысымен және тәрбие үрдісінің ұйымдастыруын реттейтін басқа да құжаттар туралы ақпараттар берді

3. Сөйледі: Чиркова Раушангүл

Мектеп формасындағы клетка юбкадан бірыңғай көк түстіге ауытырайық деген ұсыныс айтты.

4. Сөйледі: Клетка юбкамен қатар, көк түсті юбканы да енгізейік, себебі бастауыш буын оқушыларының өлшемі сол қалыпта, осыған байланысты қаражатты үнемдеу мақсатында сатылап бір түсті юбкаға ауысайық.

5. Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес төрайымы: А.Базылбаева

2017-2018 оқу жылының есебі бойынша ақпарат берді. Ол өз есебінде қамқоршылық кеңесінің шешімімен атқарылған жұмыстар туралы сөйледі. Және де 2018-2019 оқу жылына жоспар құрып, бекіту туралы айтты. Себебі өзінің денсаулығына байланысты Кеңес құрамынан шығатыны жайында мәлімдеді.

6. Сөйледі: Қамқоршылық кеңес мүшесі А. Жалеловақа

Қамқоршылық кеңесінің тізімі мен жоспарларын қайта қарап, жаңа оқу жылына бекіту керек. Биыл ұлым 11- сынып аяқтайды, Кеңес құрамынан отбасы жағдайына байланысты шығамын.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, шешім қабылдады:

1. 2018 жылдың 01-31 тамыз аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылып өткізілсін.
2. 2018-2019 оқу жылында мектеп формасы 1 сыныпта бірыңғай көк түсті юбка және жекет, 2-7 сыныптарда клетка юбка, 8-11 сыныптарда бірыңғай көк түсті юбкаға ауыстырылсын. Мектеп Жарғысы басшылықта ұсталынсын.
3. 2017-2018 оқу жылына жақсы деген баға берілсін.
4. 2018-2019 оқу жылына жоспар бекітілсін, Кеңес құрамы құрылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



А.Базылбаева

Хатшы:



А.Рустемханова